

5 сынып ата-аналарына арналған ұсыныстар

1. Ең алдымен отбасында түсінбестік болмау үшін, баланың жаман және жақсы қасиеттерін қабылдау керек.
2. Бастауыш сыныптан негізгі сыныпқа көшу барысында балаңыздың қандай қиындықтарға тап болатынын түсінулеріңіз керек. Егер балаңыз үй тапсырмасын жасау барысында сізден көмек сұраса, әрдайым көмектесіңіз. Бірақ, баланың орнына үй тапсырмасын орындамаңыз, өзі істеп үйренсін.
3. 5-сынып оқушысына оқушылардың, мұғалімдердің, тәрбиешілердің аты-жөндерін есте сақтауға көмектесіңіздер.
4. Баланың көзінше мектепті жамандамаңыз. Оған жағдай туып тұрса да, мектепке өзіңіз келіп, сол мәселені шешуге тырысыңыз.
5. Балаңызға ыңғайлы күн тәртібін және сабақ оқу орнын дайындаңыз.
6. Үйде жасөспіріммен жылы қарым-қатынасты орнатыңыз.
7. Балаңыздың жетістіктеріне қуанып, туыс-туғандарға жария етіп, мақтан тұтыңыз.
8. Туған балаңызды өзге балалармен салыстырмаңыз, керісінше оның жетістіктеріне қуанып, оның ісін бағалаңыз.
9. Балаңызды әрқашан жылы шыраймен қарсы алыңыз.
10. Ата-ана болу маман да емес, міндет те емес. Бұл – қарапайым адамның мұқтаждылығы.



Ізгі ниетпен: мектеп психологы